

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 15 қарашадағы № 47 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 қарашада № 4272 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылдық округі әкімінің 12.04.2019 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Махамбет аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық – санитарлық инспекторының 23 тамыз 2018 жылғы №14-11/235 ұсынысы негізінде Сарайшық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Махамбет ауданы Сарайшық ауылдық округіндегі "Сарайшық" ЖШС-нің №1 учаскесінде мүйізді ұсақ малы арасында бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Махамбет аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Атырау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Махамбет аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі
міндетін уақытша атқарушы

Н. Досқайыров

КЕЛІСІЛДІ:

Атырау облысы Денсаулық сақтау
басқармасының "Махамбет аудандық
орталық ауруханасы" шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының
директорының уақытша міндетін
атқарушы

М. Шуақбаев

15 қараша 2018 жыл

"Қазақстан Республикасы Денсаулық
Сақтау министрлігі Қоғамдық
денсаулық сақтау комитетінің Атырау
облысы Қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің Махамбет аудандық
қоғамдық денсаулық сақтау
басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
15 қараша 2018 жыл

Г. Ажигалиева